

Алмаз ауылының тарихы

Алмаз ауылы Шыңғырлау ауданынан оңтүстікке қарай 105 км жерде орналасқан. Алмаз ауылы 1903 жылы Алмас тауының етегінде салынған. Бұл ауылды жер реформасымен келген қоңыс аударушылар салған. 1930 жылдары үлкен ауыл болған. Жеті жылдық мектеп, мешіт, диірмен және де үлкен базар жұмыс істеген. Константиновка ауылынан Алмаз ауылына қарай созылып жатқан Алмас тауының өзіне ғана мәлім тарихы, шежіресі, құпиясы көп. Жердің Алмас деп аталуының да өз тарихы бар. Алмас батыр ХІҮ-ХҮ ғасырларда өмір сүрген. Бұл жерді баяғы замандарда жоңғар шапқыншылығынан Алмас деген жас жігіт қорғап қалған. Сол себепті Алмас тауы деп аталып кеткен. Алмазтау тау жұрнағы су мен жел эрозиясынан пайда болған. Таудың абсолюттік биіктігі 23 м-ге жуық, ал салыстырмалы биіктіктері 25-30 м-ге дейін барады. Тау алыстан бор жұрнағы тәрізді болып көрінеді, баурайлары жайпақ көптеген құлама жыралармен тілімденген. Борлы қыраттың алып жатырған ауданы 10 гектарға жуық.